

**«ӘЗРЕТ СҰЛТАН» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-
МУЗЕЙІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ
КӘСІПОРНЫ МЕН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ
ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АРАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ.**

Нұр-Сұлтан қ.

2021 жыл «10» наурыз

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК атынан жарғы негізінде әрекет ететін директор Ахметжанов Нұрболат Қадырұлы бір тараптан,

және ҚР Қорғаныс министрлігі «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы» РММ бастығының орынбасары – Әскери-тарихи музейдің бастығы Асилов Нұртаза Төрбекұлы екінші тарап атынан жарғы негізінде әрекет ететін,

әрі қарай «Тараптар» деп аталатын, жоғарғы білім, ғылым мен мәдениет аясындағы тікелей және өзара тиімді ынтымақтастықты орнату, оқу, әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелілігін арттыру үшін осы Өзара ынтымақтастық туралы меморандумы жасасты (әрі қарай – «Меморандум») және мына төмендегілер туралы келісімге келді:

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Тараптар өздерінің жинақ қорын тиімді пайдалану, Қазақстан Республикасының жетістіктерінің нәтижелерін насихаттау, екі мекеме арасында өзара түсінікті қолдау және ғылыми зерттеу аясында ынтымақтастықты дамыту мақсатында осы Меморандум жасады.

2. Ынтымақтастықты нығайту

2.1. Ынтымақтастықты дамыту келесі жолмен жүреді:

1) қызметтерін қызықтыратын бағыттары бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асыру;

2) Тараптар арасындағы тұрақты ақпарат алмасу, білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарының өкілдерімен байланыстарды кеңейту;

3) біріккен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер өзге де бастамашылықтарды жүргізу;

4) біріккен ғылыми және ғылыми-техникалық бағыттағы зерттеулер жүргізу.

3. Қатысушылардың әрекеттестігі

3.1. Осы Меморандум аясында Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын, нормативтік-құқықтық құжаттарын жетекшілікке алады және

өзара әрекетестікті тең құқықтық, ашықтық және парасаттылық қағидалары негізінде жүзеге асырады.

3.2. Тараптар осы Меморандум тармақтарын орындау мәселелері

бойынша басшылары немесе өзара іс-қимылдарды жүзеге асыру және пайда болған сұрақтарды қарастыру үшін жіберілген өкілдері арқылы бір-бірімен әрекеттеседі.

3.3. Осы Меморандум шеңберінде әрекеттестіктің келесі формалары көзделеді:

- 1) тараптың зерттеушілеріне экспозициялық-көрме қызметінде жұмыс жасауға септігін тигізу;
- 2) тараптар сұранысына қарай сурет/бейне материалдар көшірмесін алмасу;
- 3) тарап өкілдерінің жұмыс кездесулері, сапарлары;
- 4) басылымдармен, ғылыми, әдістемелік әдебиеттермен алмасу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, келісілген тақырыптар бойынша көрмелер ұйымдастыру;
- 5) қызметтерінің қызықтыратын бағыттары бойынша жұмыс тәжірибесімен алмасуды жүзеге асыру.

3.4. Осы баптағы уағдаластықтарды іске асыру үшін Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа оны қызықтыратын ақпарат жөнінде жүгіне алады.

3.5. Баппен белгіленген іс-шараларды жүзеге асыру Тараптардың жеке келісімдерімен анықталады.

4. Меморандумның әрекет ету мерзімі

4.1. Осы Меморандум оған екі Тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптардың өзара келісімі бойынша немесе Тараптардың біреуінің қалауы бойынша алдын ала, бұзудың болжамды күніне дейін басқа Тараптың ксмінде 15 күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып шартты бұзғанға дейін әрекет етеді.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Тараптар осы Меморандумды бірлескен әрекет бойынша құқықтық және қаражаттық міндеттемелерді тудырмайтын ниет туралы декларация есебінде қарастырады.

5.2. Меморандум шеңберінде жасалған ешбір әрекет Қатысушылардың өкілеттіктеріне және құқықтарына шек қоймайды.

5.3. Осы Меморандум түсіну мен қолдану барысында туған дау мен келіспеушіліктерді Тараптар жиын және келіссөздер өткізу тәсілімен шешеді.

5.4. Осы Меморандумға барлық өзгерістер мен толықтырулар оның айырылмас бөлігі болып табылады және жазбаша түрде жасалып, оларға Қатысушылардың екеуіде қол қойған жағдайда жарамды болып есептеледі.

5.5. Меморандум қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) данадан, 3 (үш) парақта жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары

ҚР Қорғаныс министрлігі
«ҚР ҚК Ұлттық әскері-патриоттық
орталығы»

Нұр-Сұлтан қаласы,
Республика даңғылы, 2 үй
Тел.: 8 (717) 244-25-90

ҚР ҚК ҰӘПО бастығының
орынбасары- Әскери-тарихи
музейінің бастығы

Асильов Нұртаза Төребекұлы



ҚР Мәдениет және спорт
министрлігі «Әзірет Сұлтан»
мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық музейі» РМҚК

ҚР Түркістан облысы
Түркістан қаласы
Әйтеке би 1Б
Тел. 8 (72523) 3-23-00

Директор

Ахметжанов Нұрболат Кадырұлы

